

АКЦИЯЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ПАКЕТІН САТУДЫҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 10 наурыз N 257. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996.04.25. N 507 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің
1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру
мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудың тәртібі туралы қоса беріліп
отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 10 наурыздағы
N 257 қаулысымен
Бекітілген

Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудың
тәртібі туралы Ереже
I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже мемлекеттік кәсіпорындар негізінде құрылған акционерлік
қоғамдар акцияларының, Ұлттық акционерлік, соның ішінде холдинг,
мемлекеттік және мемлекет қатысатын компаниялар акцияларының мемлекеттік
пакетін сатудың тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Акциялардың мемлекеттік пакетін Қазақстан Республикасы
Меммүліккомының шешімі бойынша Мемлекеттік жекешелендіру қоры (МЖК)
с а т а д ы .

3. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін жеке және заңды тұлғаларға, соның
ішінде шетелдіктерге сатуға болады.

4. Акцияларды сатудың тәртібі акционерлік қоғамдардың бәріне, соның
ішінде Ұлттық акционерлік компанияларға кіретін қоғамдарға, мемлекеттік
акционерлік компанияларға, мемлекет қатысатын, соның ішінде холдинг
к о м п а н и я л а р ғ а қ а т ы с т ы .

II. Акциялардың түрлері және оларды сатудың әдістері

5. Акциялардың мына түрлері сатылады:
1991-1992 жылдарға құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының

пакеттері (акциялардың мемлекеттік пакеті, акциялардың резервтік пакеті, шетелдік инвесторларға және сабақтастарға арналған акциялар пакеті);

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасына (II кезең) сәйкес құрылған акционерлік қоғамдардың акциялары (купон аукциондарында өткізілмеген акциялар, акциялардың резервтік мемлекеттік пакеті);

Акционерлік, соның ішінде холдинг компанияларының акциялары.

6. акциялар мынадай әдістермен сатылады:

акцияларды коммерциялық немесе инвестициялық конкурстар арқылы сату;

акцияларды ашық сату;

акцияларды сабақтастарға сату;

шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындардың акцияларын сату.

Акцияларды сатудың әдісін Қазақстан Республикасының Меммүліккомы белгілейді.

III. Акцияларды коммерциялық немесе инвестициялық конкурста сату

7. Акцияларды инвесторға конкурста бәтуаласқан шарттармен сату инвестициялардың, озық технологияның және басқару тәжірибесінің тиімді түрде тартылуын қамтамасыз ету жөніндегі негізгі бағыттарды анықтайды.

Акциялар пакеттерін конкурс арқылы сату былайша жүзеге асырылады:

конкурс шарттарын сақтай отырып, ең жоғары баға ұсынған конкурс қатысушысына акциялар пакеті - коммерциялық конкурс арқылы;

Қазақстан Республикасының Меммүліккомы белгілеген инвестициялық бағдарламаға сәйкес инвестициялар салудың негізгі шарты орындалып, конкурс шарттары сақталған жағдайда акциялар пакеті - инвестициялық конкурс (тендер) а р қ ы л ы с а т ы л а д ы .

8. Коммерциялық және инвестициялық конкурс шарттарына мыналар жатады

:

өндірістің бағыты мен көлемін белгілі бір кезеңге сақтау;

шығарылатын, өткізілетін өнімнің, атқарылатын жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің номенклатурасын сақтау немесе толықтыру;
инвестициялардың көлемі мен мерзімін белгілеу;
акциялар пакетін заңды және жеке тұлғаларға қайта сатуды белгілі бір у а қ ы т т а ш е к т е у ;
өнімнің сапасын жақсарту және бәсекелік қабілетін арттыру;
объект жөніндегі белгілі бір іс-әрекеттерге тыйым салу;
сатушы белгілеген басқа да шарттар.

Акцияларды инвесторға сату кезінде әрбір кәсіпорын (объекті) бойынша нақты шарттарды Қазақстан Республикасының Меммүліккомы белгілеп, бекітеді.

9. Акциялар пакетін инвесторға бәтуаласқан шарттармен конкурс арқылы сату процесі мынадай кезеңдерді қамтиды:

I кезең - акциялар пакетін конкурс негізінде сату туралы шешім қабылдау, коммерциялық немесе инвестициялық конкурсқа әзірлену, жұмыс комиссиясын к ұ р у .

Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Меммүліккомының, МЖҚ-ның, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, акционерлік қоғамдар, банктер мен аудиторлық қызмет басшылығының өкілдері кіреді, сондай-ақ сарапшылар мен мамандар тартылады. Акциялар пакеттерін шетелдік инвесторларға сату кезінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттіктің өкілдері тартылады.

II кезең - коммерциялық немесе инвестициялық конкурс өткізу.

Комиссия өз жұмысының регламентін өзі әзірлеп, өзі бекітеді. Комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады, дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Конкурс шарттарын сақтай отырып акциялардың белгілі бір пакеті

үшін ең жоғары баға ұсынған қатысушы конкурс жеңімпазы болады.

Конкурс өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Меммүліккомы белгілейді.

III кезең - сатып алушыны анықтау, акциялар пакетін сату туралы шартты ресімдеу және меншік құқығына кіріскені туралы мемлекеттік акті беру.

Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

10. Комиссия бағдарламаны бағалауға және онымен таныстыру мақсатымен мүдделі адамдарды шақыруға тиісті басты факторлар: үміткерлердің біліктілігі мен тәжірибесі;

тұрақты қаржы жағдайы;
акциялар пакеті үшін ұсынылған баға;
үміткерлердің жұмыс істеп тұрған кәсіпорын жөніндегі ой- ниеті.

IV. Акцияларды ашық сату

11. Акцияларды ашық сату - оларды бағалы қағаздар нарығында заңды және жеке тұлғаларға сату.

12. Акционерлік қоғамның акцияларын сату үшін Қазақстан Республикасының Меммүліккомы мен МЖҚ арасында тапсырма шарт жасасылып, соған сәйкес Меммүлікком:

- МЖҚ-ға акционерлік қоғамдардың акцияларын сату құқығын береді;
- акциялары сатуға шығарылатын акционерлік қоғамдар туралы қажетті ақпаратпен МЖҚ-ны қамтамасыз етеді;
- сауда-саттық өткізілетін күнді, уақытты және орынды белгілейді;
- төлем тәртібі мен нысанын және басқа да шарттарды белгілейді.

13. Акционерлік қоғамдардың акцияларын қор биржаларында және банк мекемелері арқылы сату кезінде сауда-саттық жүргізу ережесі және сатып алушылардың оған қатысуының шарттары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңында белгіленеді.

14. МЖҚ өз клиенттерінің операцияларында экономикалық мүдде көздемеуге тиіс. (Экономикалық мүдде дегеніміз - МЖҚ-ның акциялары сатуға шығарылатын акционерлік қоғамдармен және сатып алушымен мүліктік, еңбек және кредит қатынастары).

15. Акцияларды ашық сату кезінде Қазақстан Республикасының Меммүліккомы мен МЖҚ арасында пайда болатын дауларды сот немесе тараптардың келісімі бойынша аралық сот шешеді.

V. Акцияларды сабақтастарға сату

16. Акциялар пакеттері сабақтастарға нарық субъектілері арасында экономикалық байланыстар орнату мен нығайту, кәсіпорындардың өзара тәуелділігі мен өзара мүдделілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

17. Сабақтастар - біртұтас технологиялық кешенде жұмыс істейтін, ұзақ мерзімді экономикалық байланыстары бар кәсіпорындар. Сабақтас ұғымының бір мемлекеттік акционерлік, соның ішінде холдинг компаниясына, сондай-ақ мемлекет қатысатын акционерлік, соның ішінде холдинг компаниясына кіретін екі кәсіпорынға қатысы жоқ.

18. Акциялар пакетін сабақтастарға сату мамандандырылған, сабақтас

кәсіпорындар қатысатын жабық аукцион түрінде жүзеге асырылады.

19. Аукцион өткізу үшін комиссия құрылып, ол қатысушылардың тізбесін және оны өткізудің шарттарын белгілейді.

20. Комиссия құрудың, өтінімдер берудің, комиссияның акциялар пакетін сату туралы шешім қабылдауының тәртібін Қазақстан Республикасының Меммүліккомы белгілейді.

VI. Шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындардың акцияларын сату

21. Шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындардың акцияларын сату шығын шегушілер санатына жатқызылған акционерлік қоғамдарға қаржылай көмектесу, инвестициялық қызмет, кәсіпорындардың коммерциялануы және шаруашылық жүргізудің тиімсіз механизмінің ауыстырылуы үшін жағдайлар жасау мақсатында жүзеге асырылады.

22. Шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындар акцияларының пакеттері коммерциялық немесе инвестициялық конкурс шарттарымен яки аукцион шарттарымен сатылады, оларды өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Меммүліккомы белгілейді.

23. Шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындардың тізбесін жұмыс комиссиясы белгілейді.

Комиссия кәсіпорынның мәнділігін анықтайды, рентабельділік пен табыстылық деңгейіне сарапшылық баға береді, объект қызметінің бұдан былайғы бағыты бойынша ұсыныс-кеңестер береді.

24. Комиссияның тұжырымы негізінде Қазақстан Республикасының Меммүліккомы акцияларының мемлекеттік пакеттері белгілі бір шарттармен сатылуға тиісті кәсіпорындардың тізбесін белгілейді.

25. Шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындар акцияларының пакетін сату кезінде коммерциялық немесе инвестициялық конкурс өткізу шарттары мынадай негізгі шартпен толықтырылады: шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорынның конкурс өткізу жөніндегі комиссия анықтаған қарызын сатып алушы өтейді. Бұл жағдайда кәсіпорын қарызының сомасына сатып алушыға номинал құны бойынша кәсіпорынның қарызына тең акциялар пакеті бөлінеді.

Кәсіпорынның қарызын өтеу тәртібін және акциялардың мемлекеттік пакетін сатудың шарттарын конкурс өткізу жөніндегі комиссия белгілейді.

VII. Ұлттық акционерлік, соның ішінде холдинг мемлекеттік және мемлекет қатысатын компаниялар акцияларының пакеттерін сатудың ерекшеліктері

26. Компаниялар акциялар пакеттерін сату мен сатып алуды өндірісті дамыту,

қызметті жан-жақты жетілдіру және капиталдың құйылуын қамтамасыз ету, бағалы қағаздар нарығындағы жағдайды нығайту мақсатында жүзеге асырады.

27. Акцияларды сатудың осы Ережеде бекітілген тәртібі мемлекеттік компаниялардың бәріне, соның ішінде холдинг компанияларына қолданылады.

28. Мемлекет қатысатын компанияларға акцияларды сатудың бұл тәртібі мемлекетте акциялардың бақылау пакеті бар болған жағдайда ғана қолданылады.